

қолма-қол ақшасыз төлемдер НАРЫҒЫНА ШОЛУ

ҚАЗАҚСТАН
ҚАРЖЫГЕРЛЕР
ҚАУЫМДАСТЫҒЫ



АССОЦИАЦИЯ
ФИНАНСИСТОВ
КАЗАХСТАНА


2025 жылдың қорытындысы

Кезеңнің негізгі үрдістері



- ✓ Қолма-қол ақшасыз төлемдер нарығы кемелдену кезеңіне өтті: транзакциялардың абсолюттік көлемінің өсімі сақталып отырғанымен, ел бойынша қолма-қол ақшасыз есеп айырысудың жалпы үлесінің артуы мардымсыз болып қалуда.
- ✓ 2025 жылдың қорытындысы бойынша елдегі қолма-қол ақшасыз карталық транзакциялар көлемі Т186 трлн-ға жетті (+13% ж/ж), бұл ЖІӨ-нің 187%-ына тең.
- ✓ Қолма-қол ақшасыз есеп айырысулардың өсуі макроэкономикалық және құрылымдық факторлар жиынтығының әсерінен қалыптасты. Бөлшек (+7,5% — Т26,4 трлн-ға дейін) және көтерме сауда (+9,5% — Т53,5 трлн-ға дейін) көлемінің артуы онлайн-банкінг пайдаланушылары санының өсуімен (25,9-дан 34,3 млн-ға дейін) және сауда кәсіпорындары санының көбеюімен (886,6 мыңнан 944,9 мыңға дейін) ұласты, бұл қолма-қол ақшасыз есеп айырысулардың одан әрі тереңдеуіне ықпал етті.
- ✓ Бұл ретте қолма-қол ақшасыз операциялардың үлесі бір жыл бұрынғы 86,7%-бен салыстырғанда небәрі 87,2%-ға дейін өсті. Бұл жоғары база әсерімен (ірі қалалар мен облыстарда қолма-қол ақшасыз төлемдер қанығу деңгейіне жақын), сондай-ақ қолма-қол ақшаға деген тұрақты сұраныстың сақталуымен түсіндірілуі мүмкін.
- ✓ Елдегі қолма-қол ақша көлемі 2024 жылдың қорытындысы бойынша Т4,4 трлн болған көрсеткішпен салыстырғанда Т4,7 трлн-ға дейін өсті (+8,6%). Бұл экономиканың жекелеген сегменттерінде (шағын бизнес пен қызмет көрсету саласында) қолма-қол ақшаны пайдаланудың жалғасуымен түсіндіріледі.
- ✓ Осылайша, қолма-қол ақшасыз төлемдер қолма-қол ақшаны айналымнан ығыстырып шығару есебінен емес, негізінен экономиканың жалпы айналымының артуы мен номиналды шығыстардың ұлғаюуы есебінен өсіп отыр.

- ✓ Орта есеппен әр қазақстандыққа шаққанда қолма-қол ақша көлемі бір жыл бұрынғы Т216 мыңмен салыстырғанда Т232 мыңды құрады. Бұл ретте, 2025 жылы қазақстандықтар банкоматтар арқылы Т27,3 трлн қолма-қол ақша алды, бұл 2024 жылғы Т25,4 трлн-мен салыстырғанда 8%-ға артық. Бұл экономикада қолма-қол ақшаға деген жоғары сұраныстың сақталып отырғанын көрсетеді.
- ✓ Өсімнің 83%-ын ақша қаражатының жалпы айналымы мен күнделікті есеп айырысу қарқындылығы дәстүрлі түрде жоғары болып келетін Алматы (+Т1,2 трлн), Астана (+Т217 млрд) және Шымкент (+Т154 млрд) қалалары қамтамасыз етті.
- ✓ 2025 жылғы қолма-қол ақшасыз төлемдердің құрылымы QR-төлемдер жағына қарай сәл ығысты: олардың үлесі 9,8%-дан 10,3%-ға дейін өсті. POS-терминалдар арқылы жасалатын төлемдердің үлесі іс жүзінде өзгерген жоқ (9,5%-дан 9,6%-ға дейін), ал интернет-төлемдердің үлесі 80,7%-дан 80,0%-ға дейін сәл төмендеді.
- ✓ QR-төлемдердің таралуына олардың бизнес үшін үнемділігі, пайдаланушылар үшін ыңғайлылығы мен жылдамдығы, сондай-ақ қабылдау желісінің кеңеюі және мобильді банктік сервистердің белсенді дамуы ықпал етті.
- ✓ POS-терминалдар арқылы жасалатын төлемдер үлесі сақталғанымен, әртүрлі факторлардың, соның ішінде төлемдердің бір бөлігінің біртіндеп QR-төлемдер жағына қарай ығысуының әсерінен POS-терминалдар желісі тарылып келеді (1,4-тен 1,3 млн бірлікке дейін).
- ✓ 2025 жылдың қорытындысы бойынша жергілікті жүйелердің төлем карталарының саны 28,0 млн-ға дейін (+4,9%), ал халықаралық жүйелердікі — 56,5 млн-ға дейін (+3,5%) өсті. Бұл сыртқы төлем жүйелеріне тәуелділікті азайтуға және операцияларды жүргізу шығындарын оңтайландыруға мүмкіндік беретін жергілікті төлем инфрақұрылымы рөлінің күшеюін көрсетеді.

ҚР аумағындағы қолма-қол ақшасыз транзакциялар *




Жан басына шаққандағы айналымдағы төлем карталарының саны *




* Деректер көзі: ҚРҰБ, ҚР СЖРА ҰСБ © Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы, 2026

Төлем карталары бойынша транзакциялар*

Транзакциялар саны, млн операциялар




Транзакциялар көлемі, млрд теңге




Қолма-қол ақшасыз транзакциялардың түрлері бойынша бөлу және жергілікті төлем жүйелерінің үлесі*

Қолма-қол ақшасыз операциялар



Айналыстағы төлем карточкалары, млн



* Деректер көзі: ҚРҰБ

© Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы, 2026

Резюме

Төлем жүйесінің қарқынды дамуы нарық қатысушылары арасындағы бәсекелестіктің күшеюі, цифрлық инфрақұрылым мен сервистерге салынған ауқымды инвестициялар, сондай-ақ технологиялық трендтер мен қаржылық қызметтердің жедел цифрландырылуы негізінде қалыптасқан тұтынушылық мінез-құлықтағы өзгерістер есебінен жалғасуда.

Сонымен қатар, елдегі қолма-қол ақшасыз төлемдер нарығы қарқынды өсу кезеңінен кемелдену кезеңіне біртіндеп көшіп жатыр. Мәселен, 2025 жылдың қорытындысы бойынша елдегі «қолма-қол ақшасыз» төлемдердің ену деңгейі 87,2%-ға (+0,5 пайыздық тармақ) жетті, бұл нарықтың пайдаланушыларды қамту және инфрақұрылымды кеңейту есебінен өсудің табиғи шегіне жақындағанын көрсетеді.

Өңірлік бөліністе 2025 жылы қолма-қол ақшасыз транзакциялар үлесінің өсуі бойынша Ұлытау (+3,4 п.т.), Ақмола облысы (+3,2 п.т.) және Жетісу (+2,7 п.т.) сияқты аймақтар көш бастады. Бұл ірі қалаларда нарық қанығу деңгейіне жақын болған тұста, ел бойынша қолма-қол ақшасыз төлемдердің ену деңгейінің біртіндеп төңесіп келе жатқанын көрсетеді.

Нәтижесінде қолма-қол ақшасыз операциялар үлесінің өсімі ел бойынша біркелкі сипатқа ие болуда, ал оның ары қарайғы кеңеюі көбінесе қалыптасқан цифрлық орта ішіндегі операциялардың жиілігі мен көлемінің артуына және жалпы экономикалық белсенділік серпініне байланысты болуы мүмкін.

Осы тұрғыда, қолайлы экономикалық болжамдар мен көлеңкелі экономиканы қысқарту бойынша жоспарланған ауқымды шаралар (үкіметтің жоспары бойынша 2026 жылдың қорытындысы бойынша ЖІӨ-ге шаққанда 14,5%-ға дейін) аясында 2026 жылы қолма-қол ақшасыз операциялардың абсолюттік көлемдерінің оң динамикасы сақталуы күтіледі.

Сонымен қатар, нарықтың кемелдену деңгейінің жоғары болуына байланысты, қолма-қол ақшасыз төлемдер үлесінің артуы қалыпты болып қалуы ықтимал. Негізгі өзгерістер төлемдердің құрылымында орын алуы мүмкін — бұл QR-есеп айырысулардың одан әрі таралуы, мобильді сервистердің дамуы және күнделікті операцияларда қолма-қол ақшасыз құралдарды пайдаланудың тереңдеуі есебінен жүзеге аспақ.